

Академия «Bolashaq»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»



BOLASHAQ
ACADEMY

Est.1996

Қарағанды, 2023

Академия «Bolashaq»



Бекітемін
Ректордың м.а.,
қауымдастырылған з.ғ.к., профессор
Г.М. Рысмагамбетова
«31» _____ 08 _____ 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

Оқыту деңгейі: Бакалавриат

Берілетін дәреже: 6B01201–«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша білім
бакалавры

СБШ бойынша біліктілік деңгейі 6

Қарағанды, 2023



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 3 ден 38

Өзірлегендер - Академиялық комитет:

- Асакаева Дана Саламатовна – педагогика кафедрасының меңгерушісі п.ғ.к, доценті
- Шалтаева Роза Жиёмбаевна – педагогика кафедрасын п.ғ.к, доценті
- Жанысбаева Роза Мазраповна – педагогика кафедрасының аға оқытушысы
- Калибекова Арайлым Ораловна –Қарағанды қ. «Айгөлек «Бөбекжай-бақшасының» КМҚК директоры
- Александровская Наталья Ивановна –Қарағанды қ. «Алтын сақа» балабақшасының КМҚК әдіскері
- Әбіш Толғанай – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының ДОВ-20-2 тобының студенті

Білім беру бағдарламасы кафедра отырысында қарастырылған. Хаттама № 1 «28» тамыз 2023 ж.

Педагогика кафедрасының меңгерушісі

Асакаева Д.С.

Білім беру бағдарламасы ОӘК отырысында қарастырылған. Хаттама № 1 «29» тамыз 2023 ж.

Білім беру бағдарламасының сараптамасы:

1. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Салтанат» бөбекжайы» КМҚК
2. Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжайы» КМҚК
3. Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ботагоз» бөбекжайы» КМҚК

Білім беру бағдарламасы 6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» 2022 ж. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы; ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелеріне және «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен «Педагог» кәсіби стандартымен сәйкес әзірленген.



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
 Нұсқа 03
 Күні 31.08.2022 ж.
 Бет. 4 ден 38

1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты	Еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мектепке дейінгі білім беруді ізгілендіру және жаңғырту, тұлғаға бағдарланған және құзыретті тәсілдер жағдайында кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу саласында жоғары білікті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.
Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы	
Білім беру саласының коды мен атауы	6B01 - Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының коды мен атауы	6B012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
Білім беру бағдарламасының коды мен Атауы	6B01201– «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
Бітірушінің біліктілік сипаты	
Берілетін дәреже	6B01201 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша білім Бакалавры
Маманның лауазымдарының тізбесі	тәрбиеші, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның басшысы; педагогикалық колледждің оқытушысы, маман, бөлімнің немесе Білім басқармасы жетекші маманы; біліктілігін арттыру Институтының оқытушысы немесе әдіскері
Кәсіби қызмет саласы	мектепке дейінгі тәрбие және педагог кадрларды даярлау саласындағы білім беру қызмет
Кәсіби қызмет нысаны	мектепке дейінгі ұйымның түрлі типтері мен түрлері, шағын және дамытушы орталықтар, отбасылық балабақшалар, мектеп-балабақша, педагогикалық колледж, білімді басқару департаменті, білімді жетілдіру институты болып табылады.
Еңбек функциясы	Жаңартылған білім мазмұнына, жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес сапалы білім беру, оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, студенттердің ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын арттыру, көптілді білім беруде студенттердің тілдік құзіреттіліктерін дамыту. Кәсіби қызметінде білім бакалавры келесі функцияларды орындайды: - білімдік; - тәрбиелік; - әдістемелік; - әлеуметтік-коммуникативті; - зерттеушілік.
Кәсіби қызмет түрлері	- оқыту (педагогикалық): студенттердің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу; білім беру



BOLASHAQ
ACADEMY

Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 5 ден 38

стандарттарының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыру; қазіргі білім беру технологияларын қолдану;

- тәрбиелік: балалар мен ересектердің мәдени-ағартушылық іс-әрекетке қажеттіліктерін зерттеу және қалыптастыру; мәдени кеңістікті ұйымдастыру; әртүрлі әлеуметтік топтарға арналған мәдени-ағартушылық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру; мектепке дейінгі білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, синтездеу, тарату;
- әдістемелік: қоғамдық және білім беру ұйымдарымен және ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруға қатысу және кәсіби іс-әрекет мәселелерін шешу үшін мектепке дейінгі ұйым ұжымын басқару; білім беру сапасын, оның ішінде ақпараттық технологияларды қолдануды қамтамасыз ету үшін білім беру ортасын қалыптастыру; кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуді және тұлғалық өсуді жүзеге асыру; мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету;
- әлеуметтік-коммуникативті: қарым-қатынас және мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын қалыптастыру, тәрбиелеу, дамыту және педагогикалық іс-әрекет нәтижелерін болжау;
- зерттеу: мектепке дейінгі тәрбие саласындағы зерттеу мәселелерін тұжырымдау және шешу, кәсіби зерттеулерде ғылыми зерттеу әдістерін қолдану.



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 6 ден 38

2 Құзыреттілік картасы

Кодтар	Жалпы құзыреттілік	Кодтар	Оқыту нәтижелері
ЖК1	Құзыреттілігі: -бәсекеге қабілетті маман тұлғасының үздіксіз әлеуметтік-мәдени дамуы үшін өзін-өзі дамыту және білім беру дағдыларын пайдалануда.	ОН1	Философиялық, тарихи, мәдени, құқықтық концепциялар мен категорияларды, өмірдің әртүрлі салаларындағы кәсіпкерлік және экологиялық білімдерді, осы салалардағы инновациялық стратегияларды негізге ала отырып, қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде айналадағы шындықты бағалайды. Мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде іскерлік қарым-қатынасты қолдана отырып, ғылыми зерттеу әдістерін және академиялық жазуды қолдану дағдыларын,сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру дағдыларын көрсетеді. Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңыздылығын түсінеді.
ЖК2	Құзыреттілігі: - саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, осы пәндердің психологиясы сияқты ғылымдардың алынған білімдерін синтездеу арқылы интегративті процестердің заманауи өнімін алуда .	ОН 1.1	Саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоғамдағы болып жатқан шынайы ақиқатты бағалай алады, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында алған білімдерін іс жүзінде қолданады.
Кодтар	Кәсіби құзыреттіліктер	Кодтар	Оқыту нәтижелері
КҚ3	Педагогикалық (оқыту) құзыреттілігі - мектепке дейінгі ұйымның отбасымен мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту, физиология мәселелері бойынша өзара іс-қимылын жүзеге асыруда; - Педагогикалық қызметті модельдеуде, мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру мазмұнын құруда және балалардың дамуының жеке траекториясын жасауда.	ОН2	Этнопедагогикалық және этнопсихологиялық білімді өзінің кәсіби қызметінде және этносаралық қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл тәжірибесінде пайдаланады; педагогика ғылымының тарихи мұрасының озық тәжірибесі мен жетістіктерін талдайды; мектеп жасына дейінгі балаларда жеке гигиена дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізеді.
		ОН3	Жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру мазмұнын құрастырады; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту міндеттеріне сәйкес заманауи педагогикалық технологияларды пайдаланады; ұйымдық білім беру процесінің субъектілерімен ынтымақтастықты, олардың белсенділігін, бастамашылығын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін қолдауды ұйымдастырады.



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 7 ден 38

КҚ4	Әлеуметтік-коммуникативті құзыреттілік көрінеді - балалардағы әлеуметтік маңызды қажеттіліктерді, құндылық бағдарларын, тұлғалық бағдарларды және іс-әрекеттегі жағымды мотивациясын қалыптастыруда; - мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыруда, жас ерекшеліктерін, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытуды жүзеге асыруда.	ОН4	Өмір жолының барлық кезеңдерінде адам психикасының жас ерекшеліктерінің сипаттамаларын талдайды; психологиялық кеңес береді; мектеп жасына дейінгі балалардың ойын және өнімді іс-әрекеттерін ұйымдастырады.
		ОН5	Денсаулығында ауытқулары бар балалардың морфофункционалды, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін талдайды; балалардың психикалық жағдайын өлшеу және бағалау әдістерін қолдана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың дамуындағы бұзылуларды анықтайды.
КҚ5	Әдістемелік құзіреттілік: - сөйлеуді дамыту, әлеммен танысу, қарапайым математикалық көріністерді қалыптастыру, балабақшадағы музыкалық және визуалдық іс-шаралар, мектеп жасына дейінгі балалардың ойын және өнімді іс-әрекетін ұйымдастыруда балаларға арналған ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін жоспарлай алуы.	ОН6	Кез-келген мәтінді жанрға қарамастан интонациялық семантикалық және логикалық жағынан бөліп көрсету тұрғысынан талдап, алынған әдеби білімді практикалық іс-әрекетте қолданады: балалар көркем әдебиетінің кез-келген туындыларын жас ерекшеліктерін ескере отырып, дербес талдайды және анықтайды; әр түрлі жанрдағы әдеби шығармалар мәтіндерінің партитураларын жасайды; коммуникативті актілерді баланың сөйлеу дамуындағы тиімділігі тұрғысынан талдайды; сөйлеу және бейнелеу дағдыларын, математикалық түсініктерді қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған әлеммен танысу саласындағы білімді қолданады.
		ОН7	Мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық-бұқаралық жұмыс жүргізеді; бейнелеу қызметін мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру және көркемдік білім беру құралы ретінде пайдаланады; музыкалық шығармаларды талдайды, әуендерді таза интонациялайды; ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жоспарлар, конспектілер әзірлейді.



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 8 ден 38

КҚ6	Басқарушылық (тәрбиелік) құзыреттілік: - мектепке дейінгі ұйымды басқару және педагогикалық менеджмент ережелерін қолдану; басқару шешімдерін қабылдау және орындау; кәсіби міндеттерді орындау әдістері мен тәсілдерін таңдау қабілеті.	ОН8	Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ойындардың жіктелуін сипаттай отырып, әртүрлі жас топтарындағы жұмыс әдістемесі негізінде ойын қызметін ұйымдастырады; инклюзивті білім беруде педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады; үлгілік қағидаларға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесін бақылайды және ұйымдастырады, тәрбиешілердің жұмысын басқарады; мектепке дейінгі ұйымда балалармен, ата-аналармен және қызметкерлермен әдістемелік жұмысты жүзеге асырады; мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту мәселелері бойынша білім беру мекемелерінде балалармен, олардың отбасымен, педагогтармен және психологтармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
		ОН9	Мектепке дейінгі ұйым жағдайында педагогикалық этикеттің талаптарын, басқа адамдарға деген ішкі құрметтің сыртқы көрінісі ретінде сақтай отырып, әдістемелік жұмыстың инновациялық және дәстүрлі нысандарын, әдістерін қолданады; тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қарым-қатынаста заманауи әдістерді қолданады.
КҚ7	Зерттеудің құзіреттілігі: - ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін меңгеруде, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми бейінін өзгерте білуде, өзінің зияткерлік, әдіснамалық, кәсіптік және жалпы мәдени деңгейін жетілдіріп және арттыру; жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың білім беру мазмұнын құру. - зерттелетін пәнге неғұрлым сәйкес келетін зерттеу әдістері мен стратегияларын таңдау; - тиісті коммуникациялық құралдарды қолдана отырып, академиялық, сараптамалық және кәсіби ортада жарияланымдар мен баяндамалар түрінде өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсыну.	ОН10	Психологиялық-педагогикалық диагностиканы құрудың және дербес жүргізудің, нәтижелерді сандық-сапалық талдау мен түсіндірудің оңтайлы жолдарын айқындайды; ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын айқындай отырып, қазіргі ғылымның үрдістерін талдайды; ғылыми зерттеулердің тақырыптарын тандайды; ғылыми-педагогикалық зерттеу жүргізу әдістемесін әзірлейді; оқыту саласындағы маңызды теориялық мәселелер бойынша тарихи-педагогикалық ақпаратты жинау әдістерін қолданады және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді.



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 9 ден 38

3 Пәндер туралы ақпарат

№	Цикл/ Компо- нент	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитте р көлемі	Қалыптасқан құзыреттер (коды)
1	ЖБП/МК	Қазақстан тарихы	«Қазақстан тарихы» пәні Ұлы Дала аумағындағы көшпелілер өркениеті мен мемлекеттілігінің қалыптасу ерекшеліктерін (б.з.б. III ғасыр – б.з. II ғ.) тарихи алғышарттары мен Орталық Азиядағы түркі тілдес халықтарының этномәдени интеграциясының кезеңдерін (XIII-XV ғғ.), Қазақстанның қазіргі кезеңдегі тарихи даму ерекшеліктерін (XVIII – XX ғ. басы), Қазақстанның Кеңес Одағындағы рөлін, әкімшілік-әміршілдік жүйе және Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінің мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруға сәйкес дамуын қамтитын Қазақстан тарихы туралы объективті түсінік қалыптастыруға бағытталған.	5	ЖҚ1/ОН1
2	ЖБП/МК	Философия	«Философия» пәні табиғат пен әлеуметтік дүниені ғылыми-философиялық таным әдістерімен ғылыми түсіну мен зерттеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білу арқылы қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған шындықты бағалайды; мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді; әлеуметтік және өндірістік салада болып жатқан барлық жағдайларға өз бағасын береді.	5	ЖҚ1/ОН1
3	ЖБП/МК	Қазақ (орыс) тілі	Пәннің мақсаты – қазақ және орыс тілдерінің жеткілікті құзыреттілігін қалыптастыру. Мазмұны: студенттердің болашақ кәсіби қызметінде қазақ және орыс тілдерін пайдалануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеру, студенттердің тілдік ой-өрісін кеңейту, жалпы мәдениеті мен білімін арттыру.	10	ЖҚ1/ОН1
4	ЖБП/МК	Шетел тілі	Пәннің мақсаты – шет тілінің қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру. Мазмұны: студенттердің болашақ кәсіби қызметінде шет тілін қолдануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеру.	10	ЖҚ1/ОН1
5	ЖБП/МК	Ақпараттық-	Пәннің мақсаты – ағылшын тілінде ақпараттық-коммуникациялық	5	ЖҚ1/ОН1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 10 ден 38

		коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	технологияларды қолдану құзыреттілігін қалыптастыру. Мазмұны: оқушының танымдық қабілетін дамыту және пәнді оқытудың негізгі мақсатына жету, оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, ойлау, есте сақтау қабілеттерін ынталандырып, дамытады.		
6	ЖБП/МК	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Саясаттану Психология, Әлеуметтану, Мәдениеттану)	<p>«Әлеуметтану» пәні әлеуметтік-саяси білім модулінің құрамдас бөлігі ретінде қазіргі қоғамдарды, олардың әлеуметтік құрылымдарын, жүйелері мен институттарын, қоғамдағы тұлғааралық қатынастар жүйесін объективті түрде түсінуді сыни тұрғыдан ойлау және талдау қабілетін қалыптастыруға арналған, қоғамның табиғатын, оның топтарын, институттарын жүйесін білуге, қазіргі әлемде ұтқырлыққа қабілетті тұлғаны дамытуға бағытталған.</p> <p>«Саясаттану» пәні ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ұлттық мүдделерді жүзеге асыру негізінде мемлекеттер саясатының мәні мен мазмұнын түсіндіре отырып, әлемдік саясаттың заңдылықтары мен заңдылықтары мен қазіргі саяси процестер туралы білімді қалыптастырады. Бұл пәнді оқу қоғамдық сананы жаңғыртудың негізі ретінде әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етеді. Ішкі және сыртқы байланыстар мен қатынастарды, әртүрлі саяси жүйелерде әрекет ететін негізгі тенденциялар мен заңдылықтарды, саясаттың әлеуметтік өлшемінің объективті өлшемдерін түсіну азаматтық бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді.</p> <p>«Мәдениеттану» пәні әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымды дамытуға, мәдени бірегейлікті қалыптастыруға, мәдени процестердің табиғатын, мәдени объектілердің ерекшеліктерін, мәдениетаралық коммуникациядағы құндылықтарды, әлемдік мәдениет пен өркениет контекстінде ұлттық мәдениеттің даму ерекшеліктерін түсіну, қазақ халқының мәдени кодын сақтау қажеттілігі, өз бетінше кәсіби қызметте ұлттық мәдениетті сақтау стратегиясын жүргізу қабілетін, динамикалық өзгеріп жатқан әлем мен қоғамдағы қазақ халқының мәдени мұрасындағы мәдениеттің рөлін түсіну негізінде мәдени жағдайларды талдау және бағалай білуге бағытталған.</p> <p>«Психология» пәні болашақ маманның психологиялық мәдениетін</p>	8	ЖҚ2/ОН1.1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 11 ден 38

			жетілдіруге, сонымен қатар адамның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу құзыреттіліктерін қалыптастыруға қажетті тұлғааралық қарым-қатынастағы тұлға мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық үлгілері туралы білімді меңгеруге арналған.		
7	ЖБП/МК	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты – мәдениеттің бір бөлігі ретінде салауатты өмір салтын қалыптастыру. Денсаулықты нығайту және дене шынықтыру, дене бітімінің және дененің физиологиялық функцияларын үйлесімді дамыту, дене және психикалық қасиеттерін жан-жақты дамыту, жұмыс қабілеттілігінің жоғары деңгейін және ұзақ өмір сүруін қамтамасыз ету. Мазмұны: адам қабілеттерін физикалық және интеллектуалдық дамыту, оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру, дене шынықтыру және дене тәрбиесі арқылы әлеуметтік бейімделу мақсатында қоғам жасаған және пайдаланатын құндылықтар мен білімдер жиынтығын қалыптастыру.	8	ЖҚ1/ОН1
8	ЖБП/ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Пәннің мақсаты- «Сыбайлас жемқорлық» ұғымының теориялық және әдістемелік негіздері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шарты ретінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жетілдіру мәселелері, психологиялық сыбайлас жемқорлық мінез-құлық сипатының сипат-тамалары, жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері, әртүрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін моральдық-этикалық жауапкершілік мәселелері туралы білімін қалыптастыруға арналған. Пәннің екінші бөлімі бір жағынан белгілі бір құқықтық нормалар туралы жалпы түсінік беретін, екінші жағынан құқықтың негізгі салаларының (конституциялық, әкімшілік, еңбек, азаматтық және т.б.) мәселелерін зерттейді. Әр адамның өмір бойы жүретін мәселелерін шешуде бағдарлау үшін қажетті біліммен қамтамасыз етеді.	5	ЖҚ1/ОН1
		Құқық негіздері	Бұл курстың мақсаты – мемлекет пен құқықтың қоғамдық қатынастарды дамыту мен жетілдірудегі рөлін нақтылау және дұрыс түсіну, заңнаманы қолданудағы тұрақты дағдыларды дамыту. Бұл пәнді орудың негізгі міндеттері: студенттерді қолданыстағы заңнамадағы дұрыс бағыт-бағдармен жетілдіру. Осы пәнді оқу барысында студенттер азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқықтың институттары, атқарушы билікті жүзеге асыру механизмі,	5	ЖҚ1/ОН1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
 Нұсқа 03
 Күні 31.08.2022 ж.
 Бет. 12 ден 38

			кұқық субъектілерінің құқықтық жағдайын, шаруашылық, әкімшілік қызметтің нысандары мен әдістерін, Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, оңшыл және әлеуметтік мемлекет ретінде дамуының стратегиялық бағытына ықпал ететін сот ісі, мемлекеттік басқарудағы заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету жолдарын, азаматтық және қылмыстық құқықтарды қарастыра отырып, түсініктерін қалыптастырады.		
		Экономика және кәсіпкерлік негіздері	Пәннің мазмұны студенттердің экономика және кәсіпкерлік негіздерін меңгеруіне, бизнесті ұйымдастыру саласындағы негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыруға, белсенді іс-әрекет әдістері арқылы студенттің жеке тұлғасын рухани және кәсіби дамытуға бағытталған. «Экономика және кәсіпкерлік негіздері» пәнінің практикалық бағыттылығы, алынған білімді табысты қолдануды анықтайды және негізгі құзыреттерді (ақпараттық, коммуникациялық, зерттеушілік және т.б.) қалыптастыруға негіз болатын қызмет әдістерін әзірлеуді көздейді.	5	ЖҚ1/ОН1
		Экология және өмір қауіпсіздік негіздері	Пән, студенттердің адамдар өмірінің қауіпсіздігін ұйымдастыру саласындағы негізгі идеяларын қалыптастырады, объектілерді қорғау және тұрақты жұмыс істеуге, төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша іс-әрекеттерге байланысты практикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Студенттерге жеке, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікті және табиғи ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жүйелі тәсілдерін меңгеруге көмектеседі; табиғи, экологиялық, техногендік және әлеуметтік сипаттағы қауіпті және төтенше жағдайларды болжау, олардың пайда болуы мен дамуын олардың сипаттамаларын талдау және олар туралы әртүрлі көздерден алынған ақпараттар негізінде білім береді; ықтимал теріс салдарды азайту үшін барабар стратегия мен іс-қимыл әдістерін таңдау туралы шешім қабылдау.	5	ЖҚ1/ОН1
		Жобалалық-инновациялық қызмет	Пәннің мақсаты – негізгі түсініктерді, жобаларды басқару әдіснамасын меңгеру және әртүрлі типтегі инновациялық жобаларды әзірлеу және енгізу бойынша негізгі дағдыларды меңгеру. Пәннің міндеттері:	5	ЖҚ1/ОН1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 13 ден 38

			<ul style="list-style-type: none">- студенттердің инновациялық жобалардың түрлері және оларды басқару әдістері туралы түсініктерін қалыптастыру;- теориялық негіздерін зерделеу және тәжірибеге бағытталған тәсіл негізінде инновациялық жобаны құру мәселелерін шешудің баламалы жолдарын іздеу, миға шабуыл, жұмыс үрдісін декомпозициялау, өкілеттіктердің жауапкершілік матрицасы, SWOT талдау және т.б.- инновациялық жобалар бойынша студенттердің өз бетінше шығармашылық белсенділігін арттыру;- өздерінің білім беру бағдарламасы аясында стартаптар сияқты нақты жобаларды жүзеге асыру және т.б.		
9	БП/ЖК	Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена	«Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена», мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің медициналық-биологиялық дайындығының функционалдық-теориялық пәні ретінде, мамандардың болашақ қызметінің объектісін білумен қамтамасыз етеді, қоршаған ортаның әртүрлі факторларының әсер етуі кезінде дамушы балалар ағзасының құрылысын, нысанын және функцияларын түсіну мәселелері бойынша ғылыми түсініктерді қалыптастыруға ықпал етеді, баланың дене құрылымының заңдылықтары және оның бөліктерін құрайтын заңдылықтар туралы тұтас түсінік береді, қажетті практикалық дағдыларды үйретеді.	3	КҚЗ/ОН2
10	БП/ЖК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	«Кәсіби қазақ (орыс) тілі» пәнін оқыту ақпараттандырушы және дамытушы қызметтерді жүзеге асырады, Педагогика және психология саласындағы болашақ маманның тілдік ойлауын дамытуға, кәсіби қызметте қазақ (орыс) тілінің байлығын саналы қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Курста анағұрлым бекітілген ғылыми интерпретациядағы негізгі теориялық ережелер берілген. Сонымен қатар, онда жаңа ғылыми бағыттар көрініс табады, сондай-ақ болашақ мамандардың практикалық қызметінің ғылыми тұжырымдамасын үйлестіру жүзеге асырылады.	3	ЖҚ1/ОН1
11	БП/ЖК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	«Кәсіби бағытталған шетел тілі» пәні ағылшын тіліндегі терминологиясы мен фразеологиясын лингвистикалық дамыту контекстінде психологиялық-педагогикалық білім беруді дамытуды көрсетеді. Мазмұнын	3	ЖҚ1/ОН1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 14 ден 38

			таңдау мектеп бітірушінің мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу саласында даярлау бағытына сәйкес әлеуметтікпедагогикалық факторларды талдау негізінде жүзеге асырылады.		
12	БП/ЖК	Психология	Психологияның ғылым ретіндегі мәні мен ерекшелігін, оның әдіснамалық негіздерін; қазақстандық және шетелдік психологияның даму кезеңдерін оның заңы мен заңдылықтарын, психологиялық технологиялардың негізгі сипаттамаларын; Психологияда тұлғаны дамыту, тәрбиелеу, қалыптастыру мен әлеуметтендіру процесінің мәні; тәрбиелеу процесінің мәнін, оның мақсатының әлеуметтік негізін қарастырады.	5	КҚ4/ОН4
13	БП/ЖК	Педагогика	Педагогика - қоғамның талабына сай өскелең жас ұрпақтың тәрбиелеу, білім беру және оқытудың жалпы заңдылықтары мен ерекшеліктерін зерттейді. Барлық жастағы жас ұрпақтың оқуы мен тәрбиесіне ортақ негізгі заңдылықтары мен принциптерін, болашақ мұғалімнің іс-әрекетінің нысаны туралы; заманауи қоғамдағы педагогтың әлеуметтік ұстанымы туралы; негізгі педагогикалық құбылыс мәні туралы (тұлға, мұғалім, тәрбие мен білім беру) білуі. Педагогика пәні бойынша сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының сабақтың білім беру іс-әрекетін бақылауда педагогикалық білімдерін шығармашылықпен қолдана қарастырады.	5	КҚ3/ОН3
14	БП/ЖК	Мектепке дейінгі педагогика	«Мектепке дейінгі педагогика» курсы - оның ішінде ерте жастағы балаларды тәрбиелеудің заңдылықтарын зерттейтін педагогика саласы, мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық процестердің негіздерін қарастырады, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық үдерісін ұйымдастыруды қарастырады.	5	КҚ3/ОН3
15	БП/ЖК	Мектепке дейінгі инклюзивтік білім беру	«Инклюзивті мектепке дейінгі білім беру» пәнінің мақсаты мен мазмұны - мектепке дейінгі инклюзивті білім беруді ұйымдастыру саласында білікті мамандарды дайындау. Қазақстандық білім беруді жаңғырту жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімделу стратегияларының тетіктерін әзірлеу. Қоғамның және мемлекеттің осындай адамдарға деген өз көзқарасын қайта пайымдауына, олардың білім беруді қоса алғанда, өмірдің түрлі	3	КҚ6/ОН8



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 15 ден 38

			салаларында басқа да тең мүмкіндіктер беруге құқықтарын мойындауға байланысты заңды кезең болып табылады.		
16	БП/ЖК	Мектепке дейінгі білім беру менеджменті	«Мектепке дейінгі білім берудегі менеджмент» пәнінің мазмұны студенттердің ғылыми дүниетанымы қалыптасуына ықпал ете отырып, мектепке дейінгі білім берудегі менеджменттің негізгі ережелерімен таныстыруға мүмкіндік береді. Пәнді оқытудың мақсаты: студенттерді мектепке дейінгі білім беру бойынша жұмысты ұйымдастыру және оның әр түрлі буындарында басқару саласында қажетті білімдермен, іскерлікпен және дағдылармен қаруландыру, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес Басқару қызметін орындауға теориялық және практикалық дайындықты қамтамасыз ету.	5	КҚ6/ОН8
17	БП/ЖК	Өзін-өзі тану	«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты мен мазмұны ұлттық білім беру жүйесінің рухани-адамгершілік негіздерінің рөлі мен маңыздылығын күшейту аспектісінде гуманитарлық-педагогикалық мамандықтарды игеру кезінде кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. "Өзін-өзі тану" пәні болашақ мұғалімді заманауи реформалар мен инновациялық процестер туралы хабардар етуге, өзінің педагогикалық қызметі мен кәсіби және жеке өзін-өзі жетілдірудің рухани-адамгершілік бағыттарын түсінуге көмектесуге арналған.	3	КҚ3/ОН3
18	БП/ЖК	Стартап және бизнес коллаборациясы	Пәнінің мазмұны стартап-жобаларды әзірлеу және іске асыру, кәсіпкерлік пен бизнестің түрлі салаларындағы өзара тиімді ынтымақтастық саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды игеруге бағытталған. Бұл пән Қазақстан экономикасының, атап айтқанда бизнестің стратегиялық ресурстары мен оны дамытудың ішкі көздерінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде дамуының қазіргі заманғы үрдістері туралы білімі бар мамандарды даярлауды қамтамасыз етуге арналған.	3	ЖҚ1/ОН1
19	БП/ЖК	Өлкетану	«Өлкетану» пәнінің мақсаты мен мазмұны болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде өлкетану жұмысының негіздерін зерделеуге бағытталған. Өлкетану интернационализммен және әлемге кең көзқараспен тығыз байланысты туған жерге деген сүйіспеншіліктің объективті негізін қалайды, оның ішінде туған өлкенің жетістіктері	3	ЖҚ1/ОН1



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 16 ден 38

			үшін мақтаныш сезімі және оның проблемаларына жанашырлық таныту.		
20	БП/ЖК	Оқу (танымдық) практика	Студенттерді мамандыққа кіріспе, практикалық кәсіби шеберлікті қалыптастыру, таңдаған мамандығы бойынша жалпы және кәсіби құзыреттілікті одан әрі игеру үшін бастапқы практикалық тәжірибе алу.	2	КҚ3/ОН3
21	БП/ЖК	Психологиялық-педагогикалық практика	Психологиялық-педагогикалық практиканың мақсаты мен мазмұны студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға және жетілдіруге, тәрбиеші қызметінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі және балабақшадағы балаларды психологиялық бағыттау туралы тұтас идеяны қалыптастыруға бағытталған.	2	КҚ4/ОН4
22	БП/ТК	Педагогикалық мамандыққа кіріспе	Пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттерге кәсіптік-педагогикалық қызметтің мәні мен ерекшелігі, педагогикалық процестің категориялары, типологиясы, әдістері, заңдылықтары туралы білім жүйесін игеруге; мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогикалық қызметтің құрылымын, мазмұнын, табыстылық шарттарын зерделеуге; Педагогикалық қызметті педагогикалық қызметтің даму шарты ретінде түсінуге және қабылдауға үйренуге мүмкіндік береді. Студенттердің шығармашылық өсуіне, педагогикалық білім жүйесін меңгеруге мүмкіндік береді.	3	КҚ3/ОН3
		Педагогикалық мамандықтың қалыптасуы	«Педагогикалық мамандықтың қалыптасуы» пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттерге мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагогикалық қызметтің категориялары, типологиясы, әдістері, заңдылықтары туралы білім жүйесін игеруге мүмкіндік береді. Студенттердің педагогикалық және ғылыми көкжиегін кеңейтуге, педагогикалық шеберлік деңгейін арттыруға ықпал етеді.	3	КҚ3/ОН3
		Педагогтың кәсіби этикасы	«Педагогтың кәсіби этикасы» пәнінің мақсаты мен мазмұны болашақ педагогикалық қызметке кәсіби-педагогикалық бағытты қалыптастыруға, болашақ тәрбиешілерді оқыту мен тәрбиелеудің жаңа сапалы жоғары деңгейімен қамтамасыз етуге, сол арқылы мектепке дейінгі ұйымда оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасауға бағытталған.	3	КҚ3/ОН3
23	БП/ТК	Этнопедагогика және	«Этнопедагогика және этнопсихология» пәнінің мақсаты мен мазмұны	3	КҚ3/ОН2



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 17 ден 38

		этнопсихология	студенттерді халықтық педагогиканың негізгі идеялары мен тәжірибесімен таныстырады; мектепке дейінгі ұйымның қазіргі білім беру процесінде халықтық педагогиканы шығармашылықпен пайдалану дағдылары қалыптастырылатын болады.		
		Психологиялық-педагогикалық ғылымда кросс-мәдени зерттеулер	«Психологиялық-педагогикалық ғылымда кросс-мәдени зерттеулер» пәнінің мақсаты мен мазмұны жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін этномәдени және әлеуметтік-мәдени жағдайлармен; әртүрлі этникалық топтар мен мәдениеттердің өзара әрекеттесуі мен өзара әсері жағдайында тәрбие мен білім берудің тиімділігін бағалау критерийлерімен; тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы әртүрлі мәдениеттердегі өзара әрекеттесу ерекшеліктерімен таныстыруға бағытталған.	3	КҚ3/ОН2
		Балалардың психикалық дамуы мен тәрбиесінде кросс-мәдени айырмашылықтары	«Балалардың психикалық дамуы мен тәрбиесінде кросс-мәдени айырмашылықтары» пәнінің мақсаты мен мазмұны өзінің кәсіби қызметінде мәдениетаралық зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу, қолданбалы зерттеулер жүргізу, сондай-ақ этносаралық өзара іс-қимыл тәжірибесінде білімді қалыптастыруға бағытталған.	3	КҚ3/ОН2
24	БП/ТК	Мәнерлеп оқу бойынша балалар әдебиетінің практикумы	«Мәнерлеп оқу бойынша балалар әдебиетінің практикумы» пәнінің мақсаты мен мазмұны балалар әдебиеті шығармаларын көркем, тәрбиелік тұрғыдан және олардың баланың жеке басын қалыптастырудағы маңыздылығы тұрғысынан талдаумен дағдыларын дамытуға және жетілдіруге, балалар аудиториясында көркем мәтіндерді мәнерлеп оқу мен айтудың кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ол сөйлеу техникасын, әдеби шығармаларды оқуды, мектеп жасына дейінгі балалармен топтық және жеке сабақтарды өткізу әдістемесін жетілдіруге бағытталған, оны игеру болашақ мұғалімге өзінің кәсіби қызметінің мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.	4	КҚ5/ОН6
		Балалар әдебиеті бойынша практикум	«Балалар әдебиеті бойынша практикум» пәнінің мақсаты мен мазмұны тек білім беру ғана емес, сонымен қатар тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған. Пән балалар әдебиеті шығармаларын талдау дағдылары мен дағдыларын, көркем мәтіндерді мәнерлеп оқу дағдыларын қалы-	4	КҚ5/ОН6



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 18 ден 38

			птастыруға, дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді.		
		Сөйлеу техникасы бойынша практикум	«Сөйлеу техникасы бойынша практикум» пәнінің мақсаты мен мазмұны сөйлеу дауысының, айтылуын, тыныс алумен және дикциясының орынды қасиеттерін үйрету мәселелеріне арналған. Дені сау, епті және төзімді сөйлеу аппаратын қалыптастыру әдістерімен, дауысты басқару және қорғау, жалпы жаттығу және сөйлеу мәдениеті мәселелеріне ерекше назар аударылады. Сөйлеу мәнерлілігін түзету және тәрбиелеу құралы ретінде сөйлеу дидактикалық материалын іріктеу ұсынылды, фонациялық тренинг жаттығулары дауысты қалыптастыру физиологиясы, лингвистика, сөйлеу психологиясы және сөйлеу әрекетінің заңдылықтарын білуді ескере отырып құрылды.	4	КҚ5/ОН6
25	БП/ТК	Мектепке дейінгі балалардың ата-аналарымен жұмыс	«Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен жұмыс» пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттердің мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиешінің ата-аналармен жұмысының мазмұны мен ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің педагогикалық дайындық жүйесінің қажетті құрамдас бөлігі болып табылады және тәрбиеленушілердің отбасыларын зерттеудің аспектілерін ашады: ата-аналардың жасындағы айырмашылықтарды, олардың білімін, жалпы мәдени деңгейін, ата-аналардың жеке ерекшеліктерін, олардың тәрбиеге деген көзқарастарын, отбасылық қатынастардың құрылымы мен сипатын ескеру.	5	КҚ6/ОН9
		Мектепке дейінгі ұйым және отбасының өзара әрекеттесу	«Мектепке дейінгі ұйым және отбасының өзара әрекеттесу» пәнінің мақсаты мен мазмұны ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениетін арттыру бойынша мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыттары туралы, мектепке дейінгі білім беру жүйесінде педагогтардың, ата-аналар мен балалардың ынтымақтастығын ұйымдастыру және әдістемесі туралы педагогикалық білім жүйесін, ата-аналармен жұмысты жоспарлау нұсқаларын, отбасылық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша кеңестерді, ата-аналармен жеке жұмысқа арналған материалдарды қамтиды.	5	КҚ6/ОН9
		Мектепке дейінгі балалардың ата-	«Мектепке дейінгі балалардың ата-аналарының психологиялық-педагогикалық сауатын ашу» пәнінің мақсаты мен мазмұны	5	КҚ6/ОН9



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
Нұсқа 03
Күні 31.08.2022 ж.
Бет. 19 ден 38

		аналарының психологиялық-педагогикалық сауатын ашу	студенттердің қазіргі мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығының мақсаттары, міндеттері, принциптері мен бағыттары туралы білімдерін кеңейтеді, мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық ағарту іс-шараларын, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне тарту, олардың оқу-тәрбие процесін басқаруға қатысуы бойынша балабақша жұмысының дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандарымен таныстырады және мектепке дейінгі ұйымның тәрбие процесін қамтиды.		
26	БП/ТК	Балалар ойынының психологиялық-педагогикалық негізі	«Балалар ойынының психологиялық-педагогикалық негізі» пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттерді ойынның психологиялық-педагогикалық негіздерімен таныстыруға мүмкіндік береді, студенттерге ғылыми дүниетаным мен педагогикалық шеберлікті қалыптастыруға ықпал ете отырып, педагогикалық процесте ойындарды қолданудың категориялары, типологиясы, әдістері, заңдылықтары туралы білім жүйесін игеруге мүмкіндік береді. Оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтары, құрылымы, механизмі, ойын қызметінің теориясы мен әдістемесі, принциптері, әдістері мен ұйымдастырушылық формалары туралы білім беру.	3	КҚ6/ОН9
		Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін басқару әдістемесі	«Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін басқару әдістемесі» пәнінің мақсаты мен мазмұны мектепке дейінгі ұйым жағдайында ерте және мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетін басқару әдістемесінде тәрбиелеу, оқыту, дамыту саласындағы болашақ мамандардың педагогикалық мәдениеті мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған.	3	КҚ6/ОН9
		Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын іс-әрекеті	«Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын іс-әрекеті» пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттерді ойынның педагогикалық негіздерімен таныстырады, оларда мектеп жасына дейінгі балалардың ойын қызметі және оны тәрбиешінің жұмысында пайдалану мүмкіндіктері туралы түсініктер қалыптастырады. Курстың негізгі мақсаты-студенттердің мектепке дейінгі ұйымдағы мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекеттері және оны практикалық қызметте қолдану мүмкіндіктері туралы түсініктерін қалыптастыру.	3	КҚ6/ОН9



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
 Нұсқа 03
 Күні 31.08.2022 ж.
 Бет. 20 ден 38

27	БП/ТК	Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)	«Педагогика тарихы (жалпы және мектепке дейінгі)» пәнінің мақсаты мен мазмұны педагогикалық ой тарихындағы ғылымның қалыптасуы мен даму жолдарын, қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі жалпы теориялық проблемалар мен практикалық міндеттерді зерттеуді көздейді. Ежелгі дәуірден бастап біздің заманымызға дейінгі тәрбие теориясы мен практикасының пайда болуы, дамуы туралы маңызды ақпаратты қамтиды, бала тәрбиесі туралы ғылыми білімнің артуына назар аударады.	5	КҚ3/ОН2
		Салыстырмалы педагогика	«Салыстырмалы педагогика» пәнінің мақсаты мен мазмұны отандық және шетелдік білім берудің, педагогикалық дүниетанымның негізгі тұжырымдамаларын салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық педагогикалық ойлауды дамытуға бағытталған. Пән мектепке дейінгі тәрбиенің, батыс елдерінің мектептері мен педагогикасының жай-күйі мен даму тенденцияларын, оларды реформалау тәжірибесі, білім берудің жеке секторының жұмыс істеу ерекшеліктері, шетелде педагогикалық және ғылыми кадрларды даярлау жүйесі туралы білім береді.	5	КҚ3/ОН2
		Мектеп тарихы және шетел педагогикасы	«Мектеп тарихы және шетел педагогикасы» пәнінің мақсаты мен мазмұны студенттерге педагогикалық теорияны және тарихи құбылыстарға диалектикалық көзқарасты талдауды игеруге бағытталған, білім беру процесінің ішкі заңдылықтарын және шетелдегі педагогикалық теорияны дамыту процесін білуге жол ашады.	5	КҚ3/ОН2
28	БП/ТК	Балалар психологиясы	«Балалар психологиясы» пәнінің мақсаты мен мазмұны психикалық даму теориясымен анықталады, ол психикалық қасиеттер мен қабілеттердің "әлеуметтік мұрагерлігі" туралы, адамзат жасаған материалдық және рухани мәдениетті белсенді "иемдену" туралы ережеге сүйенеді. Балалар психологиясы адам туралы ғылымдар жүйесінде маңызды орын алады, бұл оны түлектің кәсіби дайындығына енгізу қажеттілігін тудырады.	5	КҚ4/ОН4
		Мектепке дейінгі баланың психологиясы	«Мектеп жасына дейінгі баланың психологиясы» пәнінің мақсаты мен мазмұны баланың психикасының даму фактілері мен жалпы заңдылықтары, мектепке дейінгі жастағы әр түрлі жас кезеңдерінің жалпы	5	КҚ4/ОН4



Академия «Bolashaq»

Сапа менеджмент жүйесі
Білім беру бағдарламасы
6B01201- «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

СМЖ ОП-2022
 Нұсқа 03
 Күні 31.08.2022 ж.
 Бет. 21 ден 38

